



SAMRUK
KAZYNA
•TRUST•

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ
ДАМУ ҚОРЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



2024

АҒАЛАРҒА РАХМЕТ! Мың аялас!

Бірінші рет жолламадым! Енді ауырмаймын!

МЕН ЖАЗЫЛЫП КЕТТИМ!

Армандар орындалады!

МЕКТЕПКЕ БАРДЫМ!

Талам сөйлей бастады!

Талама өмір сыйлағандықтар!

МЕН СПОРТШЫ АТАНДЫМ!

Армандарға жол сыйлағандар!

СӨЙЛЕУДІ ҮЙЕНДІМ!

Жаңа достар таптым!



«SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ТҰҚОРЫ –
«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ОПЕРАТОРЫ



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

QazPost



Центр социального взаимодействия и коммуникаций



SAMRUK BUSINESS ACADEMY



САМУРЫҚ ҚАЗЫНА ИНВЕСТ

МАЗМҰНЫ

	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының алғы сөзі	4
	«Samruk-Kazyna Trust» КҚ Бас директорының алғы сөзі	6
1	Қор туралы	8
	Қамқоршылық кеңес	9
	«Samruk-Kazyna Trust» сандары	9
	Қайырымдылық бюджеті	13
2	Басты оқиғалар	14
3	Қайырымдылық жобалары	18
	Ұлттық қайырымдылық конференциясы	70
4	Ақпараттық жұмыс	72





SAMRUK
K A Z Y N A
• TRUST •

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ
ДАМУ ҚОРЫ



«Самұрық-Қазына» АҚ
Басқарма төрағасы
**Нұрлан Жақыповтың
алғы сөзі**

Құрметті әріптестер!

«Самұрық-Қазына» компаниялар тобы үшін әлеуметтік жауапкершілік – бұл тек корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар құндылықтарымыздың айқын көрінісі.

Зерттеулер көрсеткендей, орнықты әлеуметтік әсерге қол жеткізу үшін ірі холдингтер нақты басым бағыттарға назар аударуы қажет. 2024 жылы Қор өз күш-жігерін инклюзияны, денсаулық сақтауды және спортты дамытуға бағыттады.

Компаниялар тобы атынан қайырымдылыққа жалпы **45** млрд теңге бөлінді, оның **22** млрд теңгесі су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсетуге жұмсалды.

Компаниялар тобының әлеуметтік жауапкершілігін басқару үшін құрылған «Samruk-Kazyna Trust» қоры арқылы **41** жоба жүзеге асырылды. Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған оңалту орталықтарының желісін ауқымды түрде дамытуды жалғастырдық. Бүгінде Қазақстанда осындай **45** орталық бар, оның **8-і** өткен жылы ашылды.

Жаңа форматтағы **14** инклюзия кабинеті ашылып, нәтижесінде **500**-ден астам бала инклю-



зивті білім алуға қол жеткізді. **180** мүмкіндігі шектеулі азамат жаңа және сұранысқа ие цифрлық мамандықтар бойынша оқытылып, жұмысқа орналасуына көмек көрсетілді. Жалпы 2024 жылы Қор компаниялар тобы бойынша **3000**-нан астам мүмкіндігі шектеулі адам жұмыспен қамтылды.

Медицина саласында Астанада **250** орындық Ұлттық шұғыл медициналық көмек орталығы пайдалануға берілді. Н.Бәтпенев атындағы Ұлттық травматология және ортопедия орталығына 7 заманауи құрал-жабдық табысталды, бұл мүгедектік деңгейін төмендетуге, емдеу сапасын арттыруға және жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. «Саламатты Қазақстан» жобасы аясында шалғай ауылдардың **100** мыңнан астам тұрғынына медициналық көмек көрсетілді.

6 спорт нысаны ашылды, оның ішінде Қызылордадағы Теннис орталығы және Түркістандағы көпфункционалды кешен бар. Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында **2** дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды.

Осылайша қолдау шараларымен **700** мыңнан астам адам қамтылды. Бұл жай ғана статистика емес,

бұл – мыңдаған қазақстандықтың өмір сапасының нақты жақсаруы деген сөз. Бұл жобалардың жүзеге асуына портфельдік компаниялар мен серіктестер белсенді қатысып отыр. Бұл – әділетті әрі инклюзивті қоғам құруға қосқан үлесіміз. Біз бұл жұмысты 2025 жылы да жалғастырамыз.



**«Samruk-Kazyna Trust»
корпоративтік қоры
бас директорының алғы сөзі**

Құрметті достар мен серіктестер!

2024 жыл біз үшін мәні терең, мазмұны бай, маңызды әлеуметтік бастамалармен есте қалды. Ел игілігі жолындағы ортақ ісімізде **700** мың азаматқа көмек көрсетіліп, өңірлерде ауқымды жобалар жүзеге асты. Бұл – әріптестік пен сенімнің, бірлік пен жауапкершіліктің айқын көрінісі деп білемін.

Қайырымдылық қызмет – бұл тек көмек көрсету емес, ол – қоғаммен байланыс орнату, адамдардың мұң-мұқтажына бей-жай қарамау, барынша қолдау білдіру. Осы орайда, 2024 жылы жүзеге асқан жобаларымыз ауылдар мен аудандарға қаратылып, инклюзия, білім, спорт, медициналық көмек сынды өміршең салалар қамтылды.

Бірігіп пішкен тон келте болмас дегендей, бастамаларымыздың ауқымын арттыру мақсатында серіктестік қағидатын жолға қойып, бизнес және қоғамдық ұйымдармен бірлескен жобаларды жүзеге асырудамыз. Мысалы, өткен жылғы көктемдегі су тасқынынан зардап шеккен өңірлерді қолдауға серіктестерімізден **2,3** млрд теңге жиналып, бұл қаражатқа екі спорт кешенін салып жатырмыз. «Шелл» компаниясымен бірге **180** мүмкіндігі шектеулі азаматты цифрлық мамандықтарға оқыттық. Олардың **77**-сі өз

кәсібін тауып, түрлі салаларда табысты еңбек етуде. Серіктестермен бірлесе оңалту орталықтары мен спорт кешендері салынды. Бүгінде **45** оңалту орталығында жыл сайын **30** мың адам оңалту көмегін алса, **15** спорт кешенінде жыл сайын **90** мыңға тарта адамның салауатты өмір салтын ұстануына жол ашылды.

Әрбір қайырымдылық ұйымының қызметі халық сенімімен өлшеніп, бағасын алады. Бұл сенім – қордың абыройы ғана емес, оның нақты нәтижелерге қол жеткізуінің де басты кепілі. Соның жарқын мысалы – «Charity Samruk Marathon» қайырымдылық марафоны. Ол тек қана спорттық шара емес, үлкен әлеуметтік жауапкершілікті жүктеген азаматтық бастамаға айналды. Бұл игі іске **1200**-ге жуық қатысушы мен **30**-дан астам компания белсенді түрде атсалысып, нәтижесінде **126,7** млн теңге көлемінде қаражат жиналды. нәтижесінде Астананың **5** мектебінде инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды. Биыл да марафон өз жалғасын тапты. **50**-ге тарта компания мен **3** мыңға тарта қатысушыны біріктірген шарадан **200** млн теңгеден астам қаражат жиналды. Бұл ақша жаңа оқу жылына жоспарланған **10** инклюзия кабинетін ашуға бағытталмақ. Айта кетерлік жайт, кабинеттер тұжырымдамасы «Samruk-Kazyna Trust» қорының командасы мен осы саладағы тәжірибелі сарапшылардың бірлескен еңбегінің нәтижесінде жасақталды. Жоба қоғамның да, кәсіби қауымдастық тарапынан да жоғары бағасын алды. Марафон ең үздік қайырымдылық жоба ретінде танылып, 2025 жылғы ақпанда өткен «Ақмерген» қазақстандық сыйлығын жеңіп алды.

Халықпен тұрақты байланыс орнату, азаматтардың көкейіндегі сауалдарға жедел әрі нақты жауап беру мақсатында қор жанынан арнайы сенім телефоны ұйымдастырылған болатын. Бір жылдың ішінде сенім телефонына еліміздің түрлі өңірлерінен мыңдаған азаматтар хабарласып, өздерін толғандырған сауалдарын қойды. Қор мамандары әрбір жүгінуге мұқият қарап, нақты әрі жан-жақты кеңес беріп отырды.

2025 жылы аталған бағыттардағы жұмыстарымызды алдағы тың серпінмен жалғастырмақпыз. Қордың қызметі бұдан әрі де ашықтық, айқындық және қоғаммен тығыз қарым-қатынас қағидаттарына негізделеді. Әрбір азаматтың пікірін ескеру, ұсынысын тыңдау және нақты әрекеттерге бастайтын тиімді тетіктерді енгізу – басты басымдығымыз. Себебі біз үшін қайырымдылық – жай көмек көрсету ғана емес, қоғаммен бірге дамудың, бірге өсу мен бірлесе шешім табудың жолы.

Қор жұмысының табысты жүзеге асуына ортақ мүдде жолында еңбек етіп жүрген барлық серіктестердің, еншілес компаниялардың, сала мамандары мен сарапшылардың, белсенді азаматтар мен еріктілердің қосқан үлесі айрықша. Алдағы уақытта да қоғамның нақты қажеттіліктеріне бағытталған, жүйелі әрі нәтижелі жобаларды бірлесе жүзеге асырамыз. Жаңа биіктерге – бірге қадам басайық!

*Құрметпен,
«Samruk-Kazyna Trust» КҚ
бас директоры
Альфия Адиева*

ҚОР ТУРАЛЫ

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 2016 жылдан бері «Самұрық-Қазына» АҚ-ның компаниялары тобының атынан халықтың әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған қайырымдылық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады.



SAMRUK
K A Z Y N A
• TRUST •

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ
ДАМУ ТУРАЛЫ ҚОРЫ

МҰРАТЫ

Қазақстан Республикасы азаматтарының өркендеуіне және халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартуға жәрдемдесу

ҚАҒИДАЛАРЫ



ЗАҢДЫЛЫҚ



ТЕҢ ҚҰҚЫҚ



ЕРІКТІЛІК



ЖАРИЯЛЫЛЫҚ

БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ



ИНКЛЮЗИЯ



ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ



СПОРТ



БІЛІМ ЖӘНЕ
МӘДЕНИЕТ

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

Қамқоршылық кеңес – құрамында «Самұрық-Қазына» АҚ пен қоғам өкілдері бар «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының алқалы басқару органы.

Міндеті: Қор қызметін жарғылық мақсаттарға сай жүзеге асыруын бақылау, сондай-ақ қайырымдылық жобалары мен олардың әкімшілерін бекіту.

2024 жылы Қамқоршылық кеңестің **20** отырысы өтті. Кеңесте **59** мәселе қарастырылып, **41** әлеуметтік жоба мен нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы



АУҒАНОВ

Ғибрат Қайратұлы

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі басқарушы директоры

Қамқоршылық кеңес мүшелері



ӨТЕПОВ

Мират Маратұлы

«Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі тең басқарушы директоры



БАЙҒОЖИН

Владислав Ерханұлы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Коммерция жөніндегі бас директоры



ҚАЛТАЕВА

Ләззат Молдабекқызы

ҚР Парламенті Сенаты төрағасының кеңесшісі, қоғам қайраткері



МЕЛДЕБЕК

Нариман Қасқырбекұлы

«Самұрық-Қазына» АҚ Адам ресурстарын басқару департаменті басшысының м.а., Протокол қызметінің басшысы

2024 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР



700 мың
адамға

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ



36,6 млрд
теңге

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК



22 млрд
теңге

СУ ТАСҚЫНЫМЕН
КҮРЕСКЕ БАҒЫТТАЛДЫ



41 жоба
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ



104,2 мың адам
МЕДИЦИНАЛЫҚ
ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
КӨМЕК АЛДЫ



267 өтінім
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
ҰЙЫМДАРДАН КЕЛІП ТҮСТІ



14
ИНКЛЮЗИЯНЫ ҚОЛДАУ
КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ



500 адам
ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТЫЛДЫ



8
ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ
АШЫЛДЫ



6

СПОРТ КЕШЕНІ ІСКЕ
ҚОСЫЛДЫ



2

СПОРТ-ОЙЫН АЛАҢЫ
САЛЫНДЫ



400

балаға

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТТЫҚ
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ЛАГЕРЬЛЕР
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



120 ерекше қажеттіліктері бар адам
IT МАМАНДЫҚТАРДЫ МЕҢГЕРДІ



89
ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫ



146 баланың
ШЕТЕЛДЕГІ ЕМІ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БЮДЖЕТІ



БАСТЫ ОҚИҒАЛАР



ҚАҢТАР

- Қордың 2023 жылғы қызметінің қоғам алдындағы есебіне арналған **II Корпоративтік қайырымдылық форумы** өткізілді. Шараға мемлекеттік, бизнес және қоғамдық сектордан 300-ге тарта адам қатысты.
- Қарағанды қаласында **Ерте араласу орталығы** ашылды. Жыл сайын 3 жасқа дейінгі 600 бала көмек алады.



АҚПАН

- Петропавловск қаласында Ерте араласу орталығы жұмысын бастады.
- Астанада 300 ауыл баласы арасындағы хоккейден **«SAMRUK BALA CUP 2024»** республикалық турнирі өтті
- **Қостанайда** 125 бүлдіршінге арналған Аутизмі бар балаларға арналған орталық ашылды



НАУРЫЗ

• 14 наурыз - Қайырымдылық күні қарсаңында «Қайырымдылық марафоны» бастау алды. Игі істер аясында Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Ақшұқыр ауылының амбулаториясына заманауи **рентген аппараты** табысталды.

Қостанай облысының Денисов ауылында жаңа спорт кешені қолданысқа берілді.

Абай облысының **Семей** қаласында облыстық әмбебап кітапханасы жаңғырытудан өтіп, жаңа кеңістік ретінде жұмысын бастады. Семейдегі зағип және көзі нашар көретіндерге арналған **мамандандырылған кітапханаға** арнайы құрал-жабдықтар тапсырылды.



СӘУІР

• «Samruk-Kazyna Trust» қоры және Қазақстандағы «Шелл» компаниясы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөнінде **ынтымақтастық меморандумға** қол қойды.

• «Samruk-Kazyna Trust» қорының қайырымдылық қызметінің есебі «Самұрық-Қазына» АҚ **Қоғамдық кеңесінде** таныстырылып, жұртшылық алдында есеп берілді.



МАМЫР

• «Саламатты Қазақстан» **медициналық пойызы** жұмысын бастады. Медициналық пойыз сапарын ең алдымен су тасқыны орын алған батыс өңірлерден бастады.

• «**Инклюзивті қалалық және әлеуметтік орта**» жобасы аясында еліміз бойынша инклюзия саласындағы сарапшыларды даярлау курстары өтті.

• Қостанай қаласында **Ерте араласу орталығы** ашылды.



МАУСЫМ

• Елордада «Charity Samruk Marathon» II қайырымдылық марафоны ұйымдастырылды. Қатысушылар мен серіктестерден жиналған 126,7 млн теңге Астана қаласының бес мектебінде жаңа форматтағы инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға жұмсалды.

• Алматы облысында 200 ерекше бала мен олардың ата-аналарының қатысуымен «**All ability Camp**» спорттық-мотивациялық лагері ашылды.

• «Саламатты болашақ» жобасы аясында «**Children Paralympic Games-2024**» инклюзивті фестивалі өтті.

- «Жарқын болашақ» жобасы аясында білім беру грантына ие болған маңғыстаулық оқушылардың түлектер кеші өтіп, аттестаттар табысталды.

- Астанадан «Туған елге саяхат» танымдық пойызы жолға аттанды. Жоба аясында 400 бала еліміздің тарихи-мәдени орындарын аралады.



ШІЛДЕ

- Астанада ерекше қажеттіліктері бар жастарды IT-мамандықтарға оқытуға бағытталған «OrleTECH 3.0» жобасының оқыту лагерінің ашылуы өтті. Жобаға қатысуға 180 өтінім келіп түсті.

- Шығыс Қазақстан облысының шекаралас Катон-Қарағай және Зайсан аудандарында алғашқы заманауи спорт алаңдары ашылды.



ТАМЫЗ

- Орал қаласында «Ozge Epic Oral» жаңа креативті хабының таныстырылымы ұйымдастырылды.

- Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккен Теректі ауданындағы Жаңаөмір ауылында көпфункционалды спорт кешенінің құрылысына капсула салу рәсімі өтті.

- Атырау облысы Жылыой ауданының Миялы ауылында 18 жастан асқан азаматтарға арналған Оңалту орталығы жұмысын бастады.

- Абай облысының Шүлбі ауылында әуе-тірек құрылымындағы спорт кешені ашылды.



ҚЫРКҮЙЕК

- Астана қаласының бес мектебінде жаңа форматтағы инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды. Сыныптар тұжырымдамасы Қордың инклюзия саласындағы мамандармен бірлесе жетілдірілді. Инклюзия кабинеттері «Charity Samruk Marathon» II қайырымдылық марафонынан түскен қаражат есебінен жабдықталды.

- Астанада «Еуразиялық инклюзиялық ресурстық орталығы» ашылды.

- Н.Бәтпенев атындағы ҰҒТОО-ға жоғары технологиялық 7 құрал-жабдық табысталды.

- Қор қолдауымен Орталық Азиядағы ірі марафондардың бірі - «Almaty Marathon» шарасы өтті. Марафонға 50 елден 15 мыңнан астам жүгіруші қатысты.



ҚАЗАН

● Қызылорда қаласында **Үстел теннисі орталығы** ашылды

● Астанада «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен бірлесе **«Ұлттық қайырымдылық конференциясы»** ұйымдастырылды. Шараға 100-ден астам бизнес өкілі, «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес кәсіпорындарының жетекшілері мен қоғам өкілдері қатысты. Әлеуметтік жобалар көрмесі өтіп, панельдік сессияларда Қордың қайырымдылық қызметінің нәтижесі мен жоспары таныстырылды.

● **Ақтөбе** қаласында Аутизмі бар балаларға арналған орталық жұмысын бастады.

● Петропавловск қаласында **«Qyzylzhar creative center»** шығармашылық хабы ашылды.

● Елордадағы Балаларды оңалтудың ұлттық орталығында **роботтандырылған оңалту лабораториясының** тұсаукесері өтті.

● Ақмола облысының Оразақ, Қызылжар, Қараменді және Ы.Алтынсарин атындағы ауылдардағы мектептерде **инклюзияны қолдау кабинеттері** ашылды.



ҚАРАША

● Ерекше қажеттіліктері бар балалар және қоғам өкілдері арасында велоспорт бойынша бірлескен жаттығу өтті. **«Велоспорт баршаға»** жобасы аясында Қор қолдауымен 30 ерекше бала үшін тегін велоспорт секциясы ұйымдастырылған.

● **Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды** нарықта сұранысы бар digital кәсіптерге баулуға арналған «OrleTech 3.0.» жобасын тәмамдаған 120 адам сер-

тификаттар мен коммерциялық тапсырыстармен марапатталды.



ЖЕЛТОҚСАН

● **Астана** қаласының 5 мектебінде жаңа инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды.

● Орталық коммуникациялар қызметінде **«Саламатты Қазақстан»** медициналық пойызының қызметін қорытындылауға арналған баспасөз мәслихаты ұйымдастырылды.

● Түркістан қаласында **Б.Саттарханов** атындағы спорт кешенінің салтанатты түрде ашылу рәсімі өтті.



● Павлодар облысында Қор компаниялар тобы атынан **Солнечный кентінде** «Бассейн» спорт кешені, **Павлодарда** Ерте араласу орталығы, **Кенжекөл ауылында** әуе-тірек құрылымындағы спорт кешенінің ашылуы өтті.

● **«Астана Опера»** театры жанынан артистер мен техникалық қызметкерлерге арналған Оңалту орталығы іске қосылды. Бұл - еліміз бойынша мәдениет қызметкерлеріне арналған алғашқы оңалту орталығы.

● Қордың қайырымдылық қызметінің нәтижесін, жоспарын таныстыру мақсатында **БАҚ** өкілдерімен бейресми кездесу ұйымдастырылды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАР

2024 жылы келіп түскен **270** өтінімнің **111**-і Қамқоршылық кеңеске шығарылып, оның ішінде **41** жоба мақұлданды. Атап айтқанда, инклюзияны дамыту бойынша **13** жоба, спорт пен мәдениет бойынша **12** жоба, білім бағытында **7** жоба, денсаулық сақтау саласында **4** жоба, төтенше жағдай кезіндегі көмек бойынша **3** жоба, креативті индустрияны дамыту бойынша **2** жоба.



Жобалар **13** өңірде, соның ішінде Қор компаниялары орналасқан аймақтарда жүзеге асты. Жобалар аясында **700** мың адам көмек алды. Бір жылда **500**-ге тарта азамат жұмыспен қамтылды.



ЖОБАЛАР АЯСЫНДА

700

МЫҢҒА
тарта адам көмек алды

оның ішінде:

104

МЫҢЫ
ауыл тұрғындары

97

МЫҢЫ
ана мен бала

500

АЗАМАТ
жұмыспен қамтылды








«Қамқорлық» оңалту орталықтары

Инклюзияны дамыту – «Samruk-Kazyna Trust» қоры қызметінің басым бағыттарының бірі. 2024 жылы Қор қолдауымен елімізде ерте араласу, аутизмі бар балаларға арналған, **18** жастан асқан ересектерді оңалтуға бағытталған **8** оңалту орталығы ашылды. Жалпы Қордың және серіктестердің қолдауымен бүгінгі таңда **45** оңалту орталығы жұмыс істеп тұр. Онда жыл сайын **40** мыңға жуық бала мен ересек адам көмек алуда.

45 ОҢАЛТУ
ОРТАЛЫҒЫ

40 мың адам
ОҢАЛТУМЕН
ҚАМТЫЛДЫ

- 
Оңалту орталығы
(18 жастан асқандарға)
 Атырау облысының Миялы ауылы,
 Астана қаласы
- 
Ерте араласу орталығы
 Қарағанды, Петропавл, Павлодар,
 Қостанай қалалары
- 
Аутизмі бар балаларға арналған орталық
 Қостанай, Ақтөбе қалалары





Ерте араласу орталықтары

Еліміз бойынша барлығы **17** осындай орталық жұмыс істейді. Соның ішінде 2024 жылы балалар оңалту орталықтары Қарағанды, Петропавл, Павлодар және Қостанай қалаларында іске қосылды.

Әрбір орталық жыл сайын нейро-ортопедиялық аурулары және олардың пайда болу қаупі бар **3** жасқа дейінгі **600** баланы қабылдай алады. Мұнда невропатологтар, оңалту дәрігерлері, жаттығу терапиясының нұсқаушылары, психологтар, логопедтер және кәсіби терапевттер тобы жұмыс істейді. Орталықтар АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Ресей және Қазақстанның сараптамалық деңгейдегі заманауи медициналық оңалту және диагностикалық құралдарымен жабдықталған.



17 ОРТАЛЫҚ



4 2024 ж.
ОРТАЛЫҚ
АШЫЛДЫ



10 200 бала
ЖЫЛ САЙЫН
КӨМЕК АЛАДЫ



5 мың бала
АЛҒАШҚЫ
ҚАДАМ ЖАСАДЫ




6 мың баланың
ТІЛІ ШЫҚТЫ

Серіктестер: «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, «Қамқорлық қоры» корпоративтік қоры, жергілікті атқарушы органдар

Бюджет: 230 728 056 теңге

Қамтылған өңірлер: Қарағанды, Петропавл, Павлодар және Қостанай облыстары



Аутизмі бар балаларға арналған орталықтар

Еліміз бойынша барлығы 7 орталық ашылған, соның ішінде 2024 жылы орталықтар Қостанай және Ақтөбе қалаларында жұмысын бастады.

1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен олардың ата-аналарына қолдау көрсетіледі. Ава-терапия, эрготерапия, кинезиотерапия, бейімделген және емдік-дене шынықтыру, еңбек терапиясы, арт-терапия, музыкалық терапия, сенсорлық интеграция, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, логопед, психолог және дефектолог кабинеттері бар.

Осыған дейін орталықтар Тараз, Талдықорған, Өскемен, Павлодар, Шымкент қалаларында ашылған. 2025 жылы аталмыш орталықтар Түркістан, Ақтау және Қарағанды қалаларында іске қосылады.



7

ОРТАЛЫҚ



2

2024 ж.
ОРТАЛЫҚ
АШЫЛДЫ



1000

бала
ЖЫЛ САЙЫН
КӨМЕК АЛАДЫ

Серіктестер: «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, «Қамқорлық қоры» қоры, жергілікті атқарушы органдар

Бюджет: 303 772 126 теңге

Қамтылған өңірлер: Қостанай және Ақтөбе облыстары





Шалғай аудандағы оңалту орталығы

Қордың 42-ші оңалту орталығы Атырау облысы Қызылқоға ауданының Миялы ауылында ашылды. Орталық 18 жастан асқан ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналып, мұнда жыл сайын 100-ден астам адам кешенді көмек алады. Орталық заманауи оңалту құралдарының 12 түрімен жабдықталған. Жүрек-қан тамырлары аурулары, түрлі жарақат алған науқастардың патологиясын ескеретін және нақты оңалту мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жеке оңалту бағдарламалары жүргізілетін болады.



100 адам
ЖЫЛ САЙЫН
КӨМЕК АЛАДЫ

Серіктестер: «Миялы мүгедектері» қоғамдық бірлестігі, жергілікті атқарушы органдар

Бюджет: 61 047 000 теңге

Қамтылған өңір: Атырау облысы



Мәдениет қызметкерлеріне арналған алғашқы оңалту орталығы

Қазақстанда өнер саласының мамандарына арналған тұңғыш оңалту орталығы «Астана Опера» театрының жанынан ашылды. Жыл сайын профилактика және оңалту бағдарламасы бойынша **600** адамға, атап айтқанда, балет әртістері, оркестр мүшелеріне және өндірістік цех қызметкерлеріне қызмет көрсетіледі. Орталық бұлшық етті қалпына келтіруге, ауырсынуды басуға, әрі түрлі емшараларды жүргізуге арналған заманауи құралдармен жабдықталған.



600

адам
**ЖЫЛ САЙЫН
КӨМЕК АЛАДЫ**

Серіктес: «Астана Опера» театры

Бюджет: 81 266 272 млн теңге

Қамтылған өңір: Астана қаласы





Ауыл халқына сапалы медициналық және құқықтық көмек

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 9 айдың ішінде 140 шалғай бекетте болып, 104 мыңнан астам ауыл тұрғынына тегін медициналық және құқықтық жәрдем көрсетті.

101 301 адам
тексерілді, оның ішінде
23 282 бала

236 595 салалық медициналық
мамандар кеңес көрсетті

7 671 шағын хирургиялық
операция жасалды

12 307 стоматологиялық көмек
көрсетілді



2 949

адамға
құқықтық, медиативті көмек
көрсетілді, оның 1291-і – әйелдер



481

азаматтың
несие төлеу бойынша
икемді кесте әзірленді



120

азаматқа
сотқа жүгіну бойынша арыз
беруге қолдау көрсетілді




53

азаматтық және қылмыстық
іс тоқтатлды



18

қайырымдылық концерті
ұйымдастырылды




Жалпы 2010 жылдан бері медициналық пойыздар 2 131 станцияда болып, 759 708 адамның, оның ішінде 165 942 баланың денсаулығы тексерілді. Дәрігерлерге қаралу саны 3 669 860 болып, 37 767 шағын амбулаториялық ота жасалса, 182 232 тұрғынның тісі емделді.

Серіктестер: «ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қоры

Бюджет: 796,4 млн теңге

Қамтылған өңірлер: ҚР







Даун синдромы бар балалар мен олардың ата-аналарына көмек

Алматы қаласындағы «Күншуақ» орталығы ерекше қажеттіліктері бар балаларды және олардың ата-аналарын қолдауға бағытталған. Орталықта балалардың психо-эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру үшін түрлі терапия, қоғамдағы күнделікті және әлеуметтік дағдыларды меңгеруге көмек көрсетіледі.

190

бала
МЕН АТА-АНАҒА
ҚОЛДАУ

7

бала
МЕКТЕПКЕ
БАРДЫ

1

бала
БАЛАБАҚШАҒА
ҚАБЫЛДАНДЫ

Серіктес: «Каритас Қазақстан» қоғамдық қоры

Бюджет: 60,9 млн теңге

Қамтылған өңір: Алматы қаласы



Аутизмі бар балаларды қолдау

«Аутизмді жеңеміз» жобасы бойынша 453 отбасыға аутизм спектрі бар балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетілді. Бір жыл ішінде 181 балаға психолог, логопед, педагог, емдік-денешынықтыру тренері, әдістемеші мамандардың кешенді қолдауы көрсетілді. Нәтижесінде 5 бала жалпы білім беретін мектептерге оқуға қабылданды.

181 бала
ЖЫЛ САЙЫН КӨМЕК
АЛАДЫ

5 бала
МЕКТЕПКЕ
ҚАБЫЛДАНДЫ

55 бала
ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ DAҒДЫЛАРЫН
МЕҢГЕРДІ

Серіктестер: «Милосердие» ерікті қоғамы» қоғамдық қоры
Бюджет: 142,8 млн теңге
Қамтылған өңірлер: Алматы қаласы



«Балаларға өмір сыйла» жобасы

«Балаларға өмір сыйла» жобасы аясында Қазақстанда диагнозы емдемейтін **146** балаға шетелде операция жасалуы үшін қаржылай көмек көрсетілді. **239** отбасыға консультациялық көмек көрсетілді. Ұрықтың туа біткен ақаулары, қысқа ішек синдромы бар диагноздағы, урологиялық, генетикалық, офтальмологиялық, онкологиялық және басқа да сирек кездесетін сырқаттар бойынша **186** операция мен емдеу курсы жүргізілді.

146 баланың
ШЕТЕЛДЕГІ ЕМІ
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

186 ОПЕРАЦИЯ МЕН
ЕМДЕУ
курсы

239 отбасыға
КЕҢЕС
БЕРІЛДІ





Роботтандырылған оңалту зертханасы

«Samruk-Kazyna Trust» қоры қоғамда инклюзияны дамыту аясында Балаларды оңалтудың ұлттық орталығына роботтандырылған зертхананы сыйлады. Заманауи зертханаға D-WALL цифрлы құрал сатып алынып, бұл сал ауруы мен аутизм сырқатына ұшыраған балалар мен жасөспірімдерге жасалатын емнің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде жыл сайын **450** бала мен жасөспірімге сапалы оңалту қызметі ұсынылады.

Серіктест: «Өмірге сен» қоғамдық ұйымы

Бюджет: 73,3 млн теңге

Қамтылған өңір: Астана қаласы



Спорттық инклюзивті лагерь

Жоба түрлі ерекше қажеттіліктері бар балаларды спортқа баулуды мақсат етеді. Бұл бағытта Алматы облысының Қонаев қаласында церебральды сал ауруы, психо-сөйлеу дамуының кешеуілдеуі, аутизм, көру және тірек-қимыл аппаратының бұзылуы және өзге де диагноздары бар **200** бала мен олардың ата-аналары үшін **4** маусым бойы «All ability Camp» спорттық лагері ұйымдастырылды.

Балалар бочча, бейімделгіш футбол, корнхолл, тетербол және садақ ату сынды спорт түрлерін меңгерсе, ата-аналар үшін психологиялық және мотивациялық тренингтер ұйымдастырылды.



200 бала
МЕН АТА-АНА



4 спорт түрі
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ МОТИВАЦИЯЛЫҚ
КӨМЕК

Серіктес: «ДЦП Life» Орталық-Азиялық» қоры

Бюджет: **84,8** млн теңге

Қамтылған өңірлер: ҚР







Инклюзивті спорт секциялары

Ерекше балалардың физикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайларын тұрақты түрде қалыптастыруда спорт пен денешынықтыру – маңызды фактор болып табылады. Бұл сырқаттың асқынуын алдын алып, өмір сапасын жақсартуға негіз. Бұл бағытта Қор жыл сайын **1000**-ға тарта баланы спортпен қамтыды. Республиканың **21** қаласы мен елді мекенінде тегін инклюзивті бейімделген спорт секцияларының желісі құрылды. Бочча, голбол, жүзу, каратэ, таэквондо, дзюдо, пионербол, футбол, жеңіл атлетика, хореография, теннис сынды **11** спорт түрі бойынша **89** секция жұмыс істейді.

ЖОБА ЖЕТІСТІКТЕРІ:

- Шымкент және Астанадағы футбол секцияларындағы **16 бала** сал ауруы барларға арналған республикалық футбол чемпионатына қатысты
- Бочча секциясының **14** тәрбиеленушісі Республика чемпионатының қатысушысы атанды
- Бочча секциясының **10** түлегі «Спорт шебері», **12** түлегі «Спорт шеберіне үміткер» атағын иеленді
- Павлодардағы жүзу секциясының тәрбиеленушісіне «Халықаралық деңгейдегі спорт шебері» атағы табысталды.





Серіктес: «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық ұйымы

Бюджет: 198,4 млн теңге

Қамтылған өңірлер: ҚР



Өңір	Спорт түрі	Жаттығу күндері	Мекенжай	Жаттықтырушы	Байланыс
Ақсу	Бейімделген футбол	Сәрсенбі, Бейсенбі	Ленин к-сі, 47/3	Кунанбаев Кенжекереі Рахатович	87711893602
	Бочча	Жұма, Сенбі	Хиуаз Доспанова к-сі, 28	Алиясқарова Ольга Николаевна	87475141340
Ақтау	Бочча	Сәрсенбі, Сенбі	27-шағын аудан, 50/1	Бокаева Аккумис Ибадуллаевна	87013310623
	Инклюзивті хореография	Дүйсенбі, Сәрсенбі, Сенбі	4-шағын аудан, 71	Жаксекенова Гаухар	87073622701
Алматы	Бочча	Дүйсенбі, Жұма	"№116 жалпы білім беретін мектеп" КММ	Қожабек Әсет	87073439045
	Бейімделген футбол	Сәрсенбі, Бейсенбі	"№2 мамандандырылған мектеп-интернаты" КММ	Осика Анастасия Владиславовна	87023210663
	Бочча	Сәрсенбі, Жұма	Қожанов к-сі, 40	Боброва Ульяна	87772831986
Арал	Бочча	Сенбі, Жексенбі	№83 мектеп	Өтепова Нұрай Берікқызы	87754957820
Астана	Бочча	Дүйсенбі, Сәрсенбі, Жұма	Ә.Бокейханов к-сі, 25	Ульжекова Нургуль Туленовна	87017107068
	Бейімделген каратэ	Сенбі, Жексенбі	Ақшоқы к-сі, 2	Жумабеков Жангир Алиханұлы	87081258400
	Жеңіл атлетика	Бейсенбі, Сенбі	Б.Момышұлы даңғылы 5	Амангельды Райана	87474555206
	Голбол	Сенбі, Жексенбі	Ақшоқы к-сі, 2	Молдахметова Диана Айдосовна	87710506596
	Бочча	Сенбі, Жексенбі	Ақшоқы к-сі, 2	Утепбергенов Казыбек	87028629020
	Теннис	Сәрсенбі, Бейсенбі	Тұран даңғылы, 4/2	Игамбердиев Набижон Якубович	87752831785
	Бейімделген таэквондо	Сенбі, Жексенбі	Ақшоқы к-сі, 2	Мирас Тюлюбаев Борашұлы	87476205193
	Бейімделген жүзу	Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Жексенбі	Тұран к-сі, 59 Мәмбетова к-сі, 1	Мармуров Григорий Сергеевич	87016604666
	Бейімделген жүзу	Сәрсенбі, Бейсенбі	Сәтпаев к-сі, 16/2	Шакенов Шынболат Бейбитович	87085815113
	Атырау	Бочча	Сәрсенбі, Бейсенбі	«Мұнайшы» дене шынықтыру-сауықтыру кешені	Кенжебек Мейірбек
Жаңаөзен	Бейімделген жүзу	Сәрсенбі, Сенбі	Дене шынықтыру-сауықтыру кешені	Бишембаев Арман Қосбайұлы	87760233323
	Бочча	Бейсенбі, Сенбі	«Алға» паралимпиадалық спорт орталығы	Кадырова Гулпери Юсупбаевна	87083123031
	Бейімделген жүзу	Сәрсенбі, Сенбі	Рахмет Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені	Жарылғапов Қуантай Жеңісбекұлы	87783374662

Қарағанды	Бочча	Сәрсенбі, Бейсенбі	Ермеков к-сі, 93	Шапшекеева Азаткуль Биболдиевна	87059892141
	Бейімделген жүзу	Сәрсенбі, Сенбі	Ерубаев к-сі, 44	Райнгардт Елена Анатольевна	87014789822
	Бейімделген таэквондо	Сәрсенбі, Бейсенбі	Интернационалистауынгерлер к-сі, 53/1	Сманкулов Аскар Исабекулы	87755332515
Қаратау	Инклюзивті хореография	Сәрсенбі, Жұма	Қайрат Рысқұлбеков, 4	Габдулина Виктория Александровна	87075670872
	Бочча		Қайрат Рысқұлбеков, 4	Тапелов Курманкелди Ерботаевич	87758700551
Кентау	Бочча	Дүйсенбі, Жұма	Қонаев к-сі, 28	Айтжанов Нурлан Маликханович	87053471986
Қостанай	Бочча	Дүйсенбі, Сәрсенбі	5 сәуір к-сі, 75А	Исмурзина Валентина Анатольевна	87751550769
Павлодар	Бейімделген жүзу	Дүйсенбі, Бейсенбі, Сенбі	Мәшһүр Жүсіп к-сі, 168/1	Айгужинова Гульмира Зейнуллиновна	87017361428
	Бочча	Сәрсенбі, Жұма	Камзин к-сі, 39/1	Козлова Лариса Николаевна	87778641184
	Бейімделген пионербол	Сәрсенбі, Жұма	Карина к-сі, 162	Абдулкаримов Рашид Алмасович	87479859745
	Инклюзивті хореография	Сенбі, Жексенбі	Павлов к-сі, 21/1	Кель Наталья Анатольевна	87473009504
	Бейімделген футбол	Сәрсенбі, Бейсенбі, Сенбі, Жексенбі	Луначарский к-сі, 50	Нурибеков Асылжан Каликанович	87079927958
Семей	Бейімделген таэквондо	Дүйсенбі, Сәрсенбі	Ломов к-сі, 162	Овсепян Карен Андраникович	87477131703
	Бочча	Сенбі, Жексенбі	Қабылбаев к-сі, 32	Аблаева Айгерим Серикбековна	87775782633
Талдықорған	Бейімделген футбол	Сәрсенбі, Бейсенбі	Момышұлы к-сі, 70	Таңатұлы Ерасыл	87777643516
	Бочча	Дүйсенбі, Сәрсенбі, Жұма	Қонаев к-сі, 22	Уальбай Данель Болатулы	87770121216
	Бейімделген жүзу	Сәрсенбі, Жұма	Талдықорған орталық бассейні	Миллетқан Кумарбек	87759929012
Тараз	Инклюзивті хореография	Сәрсенбі, Бейсенбі	Самал Шағынауданы, 46/4	Ниетуллаев Батыр Сатимуратулы	87759851430
	Бочча	Сәрсенбі, Бейсенбі, Сенбі, Жексенбі	Тараз Арена	Үйсенбаева Индира Рахимжановна	87071950502
Үржар	Бочча	Дүйсенбі, Сәрсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма	Абылайхан к-сі, 1	Манабаев Бағлан Ержанұлы	87772583027
Өскемен	Бочча	Дүйсенбі, Сәрсенбі	Лев Толстой к-сі, 18	Бочарникова Екатерина Александровна	87051613564
	Бейімделген жүзу	Дүйсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма	Потанин к-сі, 31/1	Файзуллаева Толғанай Серікқызы	87714399810
Шымкент	Бейімделген футбол	Бейсенбі, Сенбі	ШЖСМ	Давлетъяров Ерсұлтан Нуржанович	87026958666
	Бейімделген жүзу	Дүйсенбі, Сәрсенбі	Құрманбеков к-сі, 4/2	Деригина Антонина Васильевна	87017785810
	Инклюзивті хореография	Дүйсенбі, Жұма	Шаймерденов к-сі, 13а	Полякова Лидия Владимировна	87053522053
	Бейімделген пионербол	Сенбі	8 наурыз к-сі, 22	Шамшиметов Ағзамжан Муратжанович	87075535432
	Бейімделген жүзу	Сәрсенбі, Бейсенбі	Құрманбеков К-сі, 4/2	Залепа Владислав Андреевич	87750722442
Екібастұз	Бейімделген таэквондо	Сәрсенбі, Бейсенбі, Сенбі	Қалдаяқов К-сі, 2/7	Хан Владислав	87786739925
	Бочча	Дүйсенбі, Сәрсенбі	Сәтбаев к-сі, 10	Рахимова Инара Давлетбаевна	87074921005
	Бейімделген пионербол	Сәрсенбі, Бейсенбі	Сәтбаев к-сі, 10	Кенжетай Кенжебай Көшербайұлы	87051076511
	Инклюзивті хореография	Дүйсенбі, Жұма	Сәтбаев к-сі, 10	Симонова Елена Николаевна	87013922935



Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерді қолдау

2024 жылдың көктемінде еліміздің бірнеше аймағында орын алған су тасқынының салдарымен күреске «Самұрық-Қазына» қорының компаниялар тобы атынан барлығы 22 млрд теңге бөлінді. Қаражаттың 15 млрд теңгесі «Samruk-Kazyna Trust» қоры арқылы өңірлердің инфрақұрылымын қалпына келтіру мақсатында «Демеу Қазақстан» корпоративтік қорына аударылды. Қалған 7 млрд теңге тасқыннан ең көп зардап шеккен Атырау облысы Жылыой ауданы халқының тұрғын үйлерін салуға, жөндеуге немесе дайын тұрғын үй сатып алуы үшін «Атырау» әлеуметтік дамыту корпоративтік қорына бағытталды.

Серіктестер: «Демеу Қазақстан қоры» корпоративтік қоры, «Атырау» әлеуметтік дамыту корпоративтік қоры
Бюджет: 22 млрд теңге
Қамтылған өңірлер: ҚР



«Самұрық-Қазына» қорының компаниялар тобы

10

млрд теңге

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ

3

млрд теңге

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ

2

млрд теңге

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

2

млрд теңге

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

1

млрд теңге

«Эйр Астана» АҚ

1

млрд теңге

«QazaqGaz» АҚ

1

млрд теңге

«Кегос» АҚ

1

млрд теңге

«Қазақтелеком» АҚ

1

млрд теңге

«Самұрық-Энерго» АҚ



Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында көпфункционалды спорт кешендерін салу

Тасқын су салдарынан зардап шеккен аймақтардың инфрақұрылымын қалпына келтіру шеңберінде Атырау облысының Құлсары қаласында, Батыс Қазақстан облысының Жаңаөмір ауылында денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы жүргізілуде. 2024 жылы тиісті құжаттары әзірленіп, 2025 жылы іргетастары қалана бастады.

Спорт кешені зардап шеккен өңірлерге көмек көрсету үшін «Samruk-Kazyna Trust» қорына жіберілген «Самұрық-Қазына» қорының портфельдік компаниялары, олардың еңбек ұжымдары мен шетелдік серіктестерінің қаражаты есебінен салынуда. Атап айтқанда, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС 1 млрд теңге, «Uranium One» компаниясы 707,4 млн теңге, «CGN» компаниясы 221,6 млн теңге, «Cameco» компаниясы 150 млн теңге, «Orano» компаниясы 143 млн теңге, «КАТКО» компаниясы 100 млн теңге, «KMG RomPetrol» компаниясы 44 млн теңге, «Magubeni» компаниясы 14,1 млн теңге бағыттады.

Серіктестер: Азиялық Газқұбыры», «Uranium One», «CGN», «Cameco», «Orano», «КАТКО», «KMG RomPetrol», «Magubeni» компаниялары, «Құрылыс нысандарын салу» корпоративтік қоры, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері

Бюджет: 2,3 млрд теңге

Қамтылған өңірлер: Атырау және Батыс Қазақстан облыстары







Спорт кешендері

2024 жылы Қор қолдауымен 6 спорт кешені қолданысқа берілді. Соның ішінде Қостанай, Абай, Павлодар облыстарында әуе-тірек құрылымындағы спорт кешендері ашылды. Облыс әкімдіктерімен бірлесе Түркістанда Б.Саттарханов атындағы спорт кешені, Қызылордада Үстел теннисі орталығы іске қосылды. Ал Павлодар облысының Солнечный кентіндегі «Бассейн» кешені күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Жалпы соңғы 4 жылда «Самұрық-Қазына» атынан 15 дене шынықтыру-сауықтыру және көпфункционалды спорт кешені ашылған. Осылайша еліміз бойынша 90 мың азаматтың салауатты өмір салтын ұстанып, тұрақты түрде спортпен айналысуына жағдай жасалған.





Ауылды жерлерде салынған спорт кешендері мен спорт алаңдары

2024 жылы әуе-тірек құрылымындағы кешендер Қостанай облысының Денисов ауылында, Абай облысының Шұлбі кентінде, Павлодар облысының Кенжекөл ауылында ашылды.

Спорт кешендерінің жалпы ауданы 1,7 мың ш.м. Мұнда шағын футбол, волейбол, баскетбол алаңдары бар, теннис корты, жүгіру жолдары және қажетті құрал-жабдықтар бар.

Серіктестер: «Құрылыс нысандарын салу» корпоративтік қоры, жергілікті атқарушы органдар

Бюджет: 717 млн теңге

Қамтылған өңірлер: Қостанай, Абай, Павлодар облыстары



Шығыс Қазақстан облысының шалғай, әрі шекаралас екі ауданында Катон-Қарағай мен Зайсанда жаңа спорт алаңдары іске қосылды. Өңірде алғаш рет бой көтерген спорт алаңдары екі елдімекеннің 20 мыңнан астам тұрғынына спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын дамытуға мүмкіндік береді.

Алаңдардың жалпы аумағы 1,6 мың ш.м. Онда жасанды көгалмен көмкерілген аумағы 40x20 м футбол және 24x16 м болатын баскетбол-волейбол алаңдары, толықтай құрылғылармен қамтылған көлемі 16x16 воркаут аймағы бар. Алаңның жан-жағы қоршалып, абаттандырылған.

Серіктес: «Катон-Қарағай ауданының тұрақты дамуы» қоғамдық қоры

Бюджет: 111,9 млн теңге

Қамтылған өңір: Шығыс Қазақстан облысы



Ерлан Саиров, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

«Осыдан екі жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шекаралық аудандарды ашу туралы шешім қабылдаған болатын. Катон-Қарағай, Марқакөл, Тарбағатай аудандарып ашып ана қоймай, осы аудандардың халқының әлеуетін арттыру, осы жерде әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету өте маңызды. Соның ішінде жасөспірім балалардың дамуы үшін жағдай жасау – болашаққа жасалған негіз. Бүгінде «Samruk-Kazyna Trust» қоры Катон-Қарағай ауданының балаларына осындай керемет алаңды салып беріп жатыр. Дәл осындай заманауи стадиондар көптеп салынуы тиіс. Себебі, жастар – болашағымыз.»

Катон-Қарағай ауданында спорт алаңының ашылуында сөйлеген сөзі, 2024 жылдың 30 шілдесі

Б.Саттарханов атындағы кешен

Түркістан облыстық спорт мектебі жаңартылып, оған Олимпиада чемпионы, қазақ боксының аңыз тұлғасы Бекзат Саттархановтың есімі берілді. Дүбірлі додаларды өткізуге арналған спорт нысанында **320** көрерменді сыйдыратындай үлкен зал мен бірнеше жаттығу алаңы ашылды. Мекемеде **1500**-ден аса спортшы жаттығып, **75** бапкер жұмыс атқарады.

Серіктестер: «Түркістан облысының әлеуметтік дамуы» корпоративтік қоры, Түркістан облысы әкімдігі

Бюджет: 500 млн теңге

Қамтылған өңір: Түркістан облысы



Үстел теннисі орталығы

Заманауи Теннис орталығы Қызылорда халқына тарту етілді. Екі қабатты кешеннің аумағы **3652** ш.м. **16** үстел теннисі мен **350** адамға арналған трибуна бар. **5** жаттықтырушы **300**-ге тарта спортшыны дайындайды. Қазіргі таңда орталық түрлі қалалық, облыстық және республикалық жарыстар өткізетін спорт алаңына айналды.




- **18** спортшы I спорттық разряд атағын алды
- 2024 ж. ҚР чемпионатында Әлжанова Аделя жұптық ойында күміс жүлдегер және Алматы қ. «Алтын күз» республикалық ашық турнирінің жеңімпазы атанды
- Спортшы Айдарбек Әлем Би халықаралық сайысқа жолдама жеңіп алды

Серіктестер: «Қызылорда облысының үстел теннисі федерациясы» қоғамдық бірлестігі, Қызылорда облысы әкімдігі

Бюджет: 900 млн теңге

Қамтылған өңір: Қызылорда облысы





Астанадағы жаңа форматтағы инклюзияны қолдау кабинеттері

2024 жылы ұйымдастырылған «Charity Samruk Marathon» II қайырымдылық марафонынан 126,7 млн теңге жиналды. «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповтың тапсырмасымен қаражат Астана қаласындағы мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға жұмсалды. Мектептерде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, құрал-жабдықтар, жиһаз бен оқу-әдістемелік кешендері сатып алынды және мамандар даярланды.

Сыныптардың тұжырымдамасы «Samruk-Kazyna Trust» қоры мамандарымен инклюзия саласындағы сарапшылармен бірлесе жетілдірілді.

Қалалық Білім басқармасымен бірлесе инфрақұрылымның болуы, сыныптарға сұраныс пен ерекше балалар санына байланысты мектептер анықталып, қыркүйек айында №22, №36, №59, №76, №97 мектептерде инклюзия кабинеттері ашылды. Нәтижесінде 150-ге тарта бала инклюзивті біліммен қамтылды.

Ашылған сыныптар өз нәтижесін беріп, «Samruk-Kazyna Trust» қорының қайырымдылық бюджетінен №32, №52, №61, №65, №90 метептерінде жаңа 5 кабинетті жабдықтауға қаражат бөлінді. Осылайша барлығы 500-ден астам бала үшін қолайлы инклюзивті білім беру ортасы құрылды. Жоба нәтижесінде елордадағы ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың 16%-ы инклюзивті біліммен қамтылды.



10 ИНКЛЮЗИЯНЫ ҚОЛДАУ
КАБИНЕТІ



500 бала
ИНКЛЮЗИВТІ
БІЛІММЕН
ҚАМТЫЛДЫ



КАБИНЕТТЕР ЕРЕКШЕЛІГІ:

- орен спаре форматында психолог, дефектолог, логопед және қыш бұйымдарын жасау кабинеті;
- жеке емдік дене шынықтыру кабинеті;
- Аумағы кемінде 60 ш.м.;
- Жыл бойы әдістемелік қолдау.

Серіктестер: «Qatqor Inclusive» қоғамдық қоры, Астана қаласы Білім басқармасы

Бюджет: 263,4 млн теңге


Қамтылған өңір: Астана қаласы



Нұртөре Жүсіп, ҚР Парламенті Сенатының депутаты

Мемлекет басшысы инклюзия саласына айрықша көңіл бөліп келеді. Осы бағыттағы бастамаларды қолдау мақсатында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорынан бөлінген қаражат есебінен Астанадағы мектептерде инклюзия сыныптары ашылып жатыр. Бұл әр балаға деген жанашырлық мен қолдаудың айғағы. Себебі, Қазақстандағы әр бала, қандай жағдайда болмасын, өзіне қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қарап, соны сезініп өсуі қажет.

*Астана қаласындағы инклюзияны қолдау кабинеттерінің ашылуы барысында сөйлеген сөзі,
2024 жылдың 18 желтоқсаны*







Ауыл мектептеріндегі инклюзия сыныптары

Сыныптар Ақмола облысының **Оразақ, Қызылжар, Қараменді** және **Ы. Алтынсарин атындағы** төрт ауылында ашылды. Қазіргі таңда Көкшетау қаласының №13 мектеп-гимназиясында тағы бір кабинет жабдықталуда. Ақмола облысында инклюзияны қолдау кабинеттерін ашу нәтижесінде ерекше қажеттіліктері бар **63** балаға сапалы және бейімделген білім беру ортасында оқуға мүмкіндік туды. Инклюзияны қолдау кабинеттеріне заманауи құрал-жабдықтар алынған. Мәселен, сенсорлық көмек аймағында балалардың эмоционалды тепе-теңдікті қалпына келтіресе, жеке сабақтарда даму ерекшеліктеріне қарай терең зерттеу жүргізіледі. Ал топтық сабақтар коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған. Мамандарды әдістемелік және тәжірибелік қолдау мақсатында қараша айынан бастап оқыту жүргізілді.

4 ИНКЛЮЗИЯНЫ ҚОЛДАУ
КАБИНЕТІ

63 бала
ИНКЛЮЗИВТІ
БІЛІММЕН ҚАМТЫЛДЫ

- Жеке және топтық дамыту сабақтары үшін аймақтар
- Әр оқушыға жеке даму бағдарламасы
- Жыл бойы әдістемелік және тәжірибелік қолдау

Серіктес: «Baquatty Aймақ Qoғу» қоғамдық қоры

Бюджет: 87,3 млн теңге

Қамтылған өңір: Ақмола облысы

«Жарқын болашақ» жобасы

Жоба Жаңаөзен қаласының 13-23 жас аралығындағы **133** оқушысына білім алуға қолдау көрсетуге бағытталған. Жоба басталғаннан бері **177** студент білім алып, 2024 жылы **36**-сы оқуын тәмамдап, олардың **30**-ы Қазақстандағы мықты деген университеттерге түсті. Түлектерді жұмыспен қамту бағытында **10** облыс әкімдігімен меморандумдар жасалды. Олардың ішінде **124** студент колледждерде, **9** оқушы мектептерде білім алуда. Сонымен қатар, **71** түлек өз қалаларында жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша қызмет етеді. Бұл жоба жастарға болашақта жақсы өмір сүруге және өз қабілеттерін жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді.

Серіктестер: «Bilim Foundation» корпоративтік қоры

Бюджет: 346,9 млн теңге

Қамтылған өңірлер: Маңғыстау облысы





Балалар саяхат пойызы

«Туған елге саяхат» жазғы танымдық-туристік пойызы дәстүрлі түрде жолға шықты. 12 күн ішінде өскелең буын өкілдері Астана, Бұрабай, Алматы, Тараз, Түркістан және Байқоңыр аймақтарындағы танымал мәдени-тарихи орындарға барады.

Жоба 2 кезеңде өтіп, көктемде орын алған табиғи апаттан зардап шеккен Атырау, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Қарағанды және Ұлытау облыстары мен Қордағы компаниялар тобының шалғай аудандардағы еншілес кәсіпорындары өндірістік кәсіп қызметкерлерінің көпбалалы және тұрмысы төмен, толық емес отбасыларда тәрбиеленіп жатқан 10-15 жас аралығындағы 200 баладан қатысады. Қатысушылар әкімдіктер мен өндірістік кәсіпорындар ұсынған тізімдер бойынша анықталды.

Сонымен бірге қатысушылар «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына үн қосып, сапар бойы экологиялық өмір салтын қалыптастырады.

400 БАЛА

2 ӨҢІР

Серіктес: «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қоры

Бюджет: 259,3 млн теңге

Қамтылған өңір: ҚР





Аутизмі бар балаларға арналған алғашқы велоспорт секциясы

«Велоспорт – баршаға» жобасы аясында Қазақстанда алғаш рет аутизмі бар балалар велоспортпен айналыса бастады. Басты мақсат – ерекше балалардың спортпен айналысуына тең жағдай жасап, аутизмі бар жандардың да қоғамның бір бөлігі екенін таныту. Секцияға **30** ерекше бала тегін қатысады. Оларға киім-кешек, құрал-жабдық, велосипедтер мен арнайы тасымалдау көлігі сатып алынды.

Жобаның 16 жастағы түлегі, жалпы велоспортпен айналысып келе жатқанына 6 жыл болған Дастан Ордабай 13-14 қыркүйек аралығында өткен «Virtus Cycling Open Time Trial»-ға қатысып, **17,3** км қашықтықта жеке уақыт жарысының **II-3** санатында (аутизм спектрінің бұзылуы) күміс жүлдені жеңіп алды. Жарыста әлемнің түкпір-түкпірінен келген **16** параспортшы бағын сынады. Айта кету керек, еліміз бұл жарысқа алғаш рет қатысты. Сондай-ақ **10** тәрбиеленуші велоспорттан Астана қаласы құрамасының мүшесі атанып отыр.

Серіктес: «Velolegend» жеке мекемесі

Бюджет: **74,1** млн теңге

Қамтылған өңір: Астана қаласы





Ерекше қажеттілігі бар жастарды ІТ мамандықтарға оқыту

«OrleTECH 3.0» жобасы аясында қатысушылар үш бағыт бойынша цифрлық мамандықтарды оқыды: No Code әзірлеу, UX/UI design және жасанды сана (AI) маманы. Қазақстанның түкпір-түкпірінен **1800** өтініш түсіп, оның ішінде **18** бен **35** жас аралығындағы **180** адам іріктеліп алынды. Олардың көпшілігі студенттер және әртүрлі топтағы мүгедектері бар адамдар.

Нәтижесінде **120** оқушы курсты сәтті аяқтағаны туралы сертификат алса, ал **10** үздік жобаның авторлары ҮЕҰ-дан **100 000** теңгеге дейінгі коммерциялық тапсырыстарға ие болды.

Жобаға қатысушылар оқудың олар үшін сұранысқа ие цифрлық кәсіптерді меңгеру мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар өмірден өз жолын табуға қарай жасалған қадам болғанын айтады. Олардың көпшілігі бағдарламаның өздеріне сенімді ұлғайтқанын, ал тәжірибелік дағдылар бұдан әрі жұмысқа орналасу көкжиегіне жол ашты.

Бүгінгі таңда бағдарлама түлектері экономиканың түрлі салаларында сұранысқа ие мамандықтарды игеріп, жұмысқа орналасты. Степан Патрашков еліміздегі танымал жаңалықтар порталдарының бірінде SMM маманы болып жұмыс істейді. Татьяна Гейзер дизайнер-беттеуші ретінде мансабын дамытуда. Берік Байжанов, Ольга Лаас, Диана Үсентаева және Эдуард Сучков такси қызметін көрсететін ірі халықаралық компанияның қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Қаржы қауіпсіздігі» жобасында еңбек етуде.

Серіктестер: «Шелл Қазақстан» компаниясы, «ITeachMe» қоры құзыреттілікті дамыту орталығы» қоғамдық қоры

Бюджет: 41,6 млн теңге

Қамтылған өңірлер: ҚР



Айгүл Барменқұлова, «Shell Қазақстан» компаниясының корпоративтік байланыстар жөніндегі бөлім басшысы

«Ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды оқытуға арналған «OrleTech 3.0.» жобасы аясындағы серіктестігімізді жыл басында меморандумға қол қоюдан бастағанбыз. Ортақ бағыттарымызды анықтадық. Инклюзия саласы - Shell компаниясы үшін де, «Самұрық-Қазына» қоры үшін де басым бағыт. Жобамызды жүзеге асыруға IteachMe қоры қолдау көрсетті. «Самұрық-Қазынамен» бірлескен жұмысымыздың арқасында жобаның ауқымын кеңейттік. Осыған дейін тек кейбір облыстарды қамтысақ, қазір Қазақстанның барлық өңіріндегі жастарды тарта алдық. Инвестициялар адами капиталға бағытталуы тиіс. Бұл жоба - соның жарқын белгісі.»

«OrleTech 3.0.» жобасының түлектерін марапаттау кешінде сөйлеген сөзі, 2024 жылдың 28 қарашасы





Аға буынға тағзым

«Тағылым» жобасы аясында еліміз бойынша республикалық Ардагерлер ұйымының жұмысына қолдау көрсетіледі. Өңірлердегі ардагерлер жас буындар үшін патриоттық тәрбиеге негізделген кездесулер мен танымдық іс-шаралар өткізеді. Сонымен бірге орталықтарда қариялардың тиімді уақыт өткізуіне жағдай жасалып, түрлі білім беру және дамыту бағдарламалары мен жобалар жүргізіледі.

Серіктес: «Ардагерлер ұйымы» РҚБ

Бюджет: 89 477 031 теңге

Қамтылған өңірлер: ҚР





«Мәшһүр Жүсіптің тылсым әлемі» кітабы

«Мәшһүр Жүсіптің тылсым әлемі» жобасы аясында ұлы ойшыл әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы жөніндегі бұрын жарияланбаған деректерге негізделген кітап басылып шықты. Кітапта оның философиясы, шығармалары мен тұлғалық ерекшеліктері кеңінен қарастырылған. Жоба арқылы ұлт әдебиетінің маңызды тұлғасын таныту, оның мұраларын жаңаша көзқараспен ұсыну көзделген.

Кітаптың **2000** данасы басылып, қазақ қоғамына тарату мақсатында шығарылды. Бұл бастама Мәшһүр Жүсіптің мұрасын жаңа ұрпаққа жеткізуге, оның шығармашылық әлемін тереңірек түсінуге мүмкіндік.

Серіктес: «Мәшһүр Жүсіп» қоғамдық қоры

Бюджет: 3 млн теңге

Қамтылған өңірлер: ҚР





«Qyzylzhar Creative Center» креативті индустрия орталығы

Петропавлдағы креативті хаб Мемлекет басшысының креативті индустрияны дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында заманауи қазақ өнерін дамытуды мақсат еткен шығармашылық кеңістік. Орталықта 9 аймақтың әрқайсының атауы мен белгіленген межесі бар: Oyu lab (дизайн, 3Д-модельдеу), Santaram (графика дизайны), Sandyq (киім дизайны), Digital nomads (СММ, маркетинг), Art galam (көрмелер аумағы), Qazyuna (кітапхана), Orta (коворкинг), Qainar (хореография), Koncerttik zal (шаралар).

Қазіргі таңда хабта 66 тұрақты резиденттер жұмыс істеуде: «Атмос» заманауи театры, 3Д форматта өнімдері шығару «3D Craft KZ» компаниясы, 3Д модельдегі бетон шығаратын «Art Beton» компаниясы, дизайнерлік компаниялар, құлағы нашар еститін балалардан құралған ансамбль, облыстық ІТ-хаб, медиакомпаниялар және т.б.

Серіктес: «Солтүстік Қазақстан облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі

Бюджет: 243,3 млн теңге

Қамтылған өңір: Солтүстік Қазақстан облысы







Травматология саласына инновациялық әдістерді енгізу

Еліміздегі жетекші медициналық орталығы – Н. Бәтпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығына ең озық 7 түрлі құрал-жабдық табысталды. Бұған дейін орталық мамандары ескірген және стандартты құралдар мен жабдықтарды пайдаланып, түрлі хирургиялық араласулардың жылдамдығы мен ерекшеліктеріне әсер етті және пациенттердің өмір сүру сапасына әсер етті. Жалпы, ендігі сәтте сатып алынған жабдықтар сүйек-бұлшықет жүйесі жарақаттары мен аурулары салдарынан болуы мүмкін асқынулар мен мүгедектіктің санын азайтып, 8 мыңнан астам жанға, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарына, балаларға, Қазақстанның барлық аймағынан келетін қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін медициналық жәрдем сапасын жоғарылатпақ. Сондай-ақ емдеудің жетілдірілген әдістемесі мастер-класстар мен оқыту семинарларын өткізу арқылы өңірлерге жаңа технологияларды енгізуге жүзеге мүмкіндік береді.

Мәселен, германиялық TIVATO 700 мультидисциплинарлық операциялық микроскопы көмегімен білікті дәрігер мамандар аса дәлдікпен тамырлар мен жүйкеге микроскопиялық тігістерді тігеді. Бұл өз кезегінде ауыр жарақат кезінде аяқ-қолды сақтау және жұмсақ тіндердің терең ақауларын емдеу үшін қажет. Тісті микроскоп болмаған жағдайда қиын ахуалға ұшыраған науқас мүгедектік кезінде кезінде аяқ-қолынан айырылуы ықтимал.

Серіктес: «Қазақстандық травматологтар мен ортопедтер қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігі

Бюджет: 393,1 млн теңге

Қамтылған өңірлер: ҚР



Ұлттық қайырымдылық конференциясы

2 қазанда «Самұрық-Қазына» және «Қазақстан халқына» қорларының ұйымдастыруымен Ұлттық қайырымдылық конференциясы өтті. Алқалы жиын мемлекет пен бизнес және үкіметтік емес ұйымдар арасында ұлттық қайырымдылық үлгісін өркендету, тәжірибе мен ақпарат алмасу, корпоративтік серіктестікті дамытуға арналды. Іс-шараға «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев, портфельдік компаниялар мен серіктес-компаниялардың басшылары, қоғамдық ұйым жетекшілері мен сарапшылар қатысты.

Қордың қайырымдылық саясаты, бірыңғай қайырымдылық операторы «**Samruk Kazyna Trust**» қорының «Шелл Қазақстан» компаниясымен бірлесе асырған мүмкіндігі шектеулі жастарды сұраныстағы мамандықтарға оқыту жобасы аясындағы ынтымақтастығы және шетелдік серіктестермен су тасқынынан зардап шеккен өңірлерді қалпына келтіруге бағытталған жобалар таныстырылды.

Ірі компаниялар қоғамдағы краудфандинг бастамаларына қосылып, жарна жасау арқылы қоғам мен бизнес үндестігіне қадам жасай алатыны атап өтілді. Табысты ынтымақтастықтың жарқын мысалдарының бірі – 1 маусымда Қордың ұйымдастырумен өткен «**Samruk Charity Marathon**» қайырымдылық марафоны. Онда **126,7** млн теңге жиналып, елорданың **5** мектебінде инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды. Осылайша, бизнес өкілдері шағын қаражатпен-ақ қайырымдылық бастамаларды қолдай алады. Кәсіпкерлер қоғаммен байланысын жақсартып, әлеуметтік жауапкершілігін нығайта түседі. Әрі бұл қадам қоғамда қайырымдылық мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

«**Қорлар, бизнес және жергілікті биліктің серіктестігі**» панельдік сессиясында «Самұрық-Қазына» және «Қазақстан халқына» қорларының басшылығы, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Еуразиялық топ» ЖШС, «Solidcore Eurasia» ЖШС басшылары пікір айтты.

«**Корпоративтік серіктестік болашағы**» тақырыбындағы сессияда «Шеврон», «AITAS», «КАТКО», «Азиялық Газқұбыры», «КПО» компанияларының басшылары мен өкілдер сөйледі.

Шара қорытындысында «Самұрық-Қазына» және «Қазақстан халқына» қорлары қайырымдылық қызметіне белсене атсалысқан бірқатар жеке тұлғалар мен шетелдік компанияларды марапаттады. Атап айтқанда, қайырымдылық марафон қатысушысы, спорт арқылы қазақстандықтарға үлгі болып жүрген 8-жасар Әлназар Әдісбек, сонымен қатар, су тасқыны салдарымен күреске атсалысып, Қор арқылы қаржы бөлген «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, ORANO («КАТКО» БК), CGN компаниялары марапатқа ие болды.



АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС



«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында халық арасында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы қайырымдылық саласының жаңа келбеті кеңінен насихатталды.

Компаниялар тобының қайырымдылық қызметі туралы республикалық және өңірлік БАҚ беттерінде, әлеуметтік желіде **4516** материал жарыққа шықты.



1325 материал
БАҚ-ТА



4756 материал
ӘЛЕУМЕТТІК
ЖЕЛІЛЕРДЕ



156 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ
АҚПАРАТТЫҚ
РОЛИК



әлеуметтік желілерде
413 мың
БІРЕГЕЙ
ПАЙДАЛАНУШЫ
ҚАМТЫЛДЫ

«Егемен Қазақстан» республикалық газетінде тамыз-желтоқсан айларында «Самұрық-Әлеумет» арнаулы айдары жүргізілді.

2024 жылы қоғам және бизнес өкілдері арасында есеп беру мақсатында қаңтар айында **300**-ден астам адамның қатысуымен Корпоративтік қайырымдылық форумы және қазан айында **100**-ге тарта өкілдің қатысуымен Ұлттық қайырымдылық конференциясы өткізілді.

Қордан көмек алған үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік жобалары бойынша **63** PR-шара өткізілді.

Апта сайын **3,2** мыңға тарта үкіметтік емес ұйым өкілдерінің электронды пошталарына ақпарат таратылады.



БАЙЛАНЫС



SAMRUK
KAZYNA
• TRUST •

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ
ДАМУ ҚОРЫ

**ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА ҮЛЕС ҚОС!
СЕРІКТЕСІМІЗ БОЛ!**



Сығанақ көшесі, 17/10 үй, 11 қабат
+7 (7172) 57 68 98
info@sk-trust.kz

Өтінім беру
<https://sk-trust.kz/kk/oetinishti-zhiberu/>

Әлеуметтік желідегі парақшаларымыз



<https://sk-trust.kz/kk/>